

ШЖҚ «Сарыағаш көпбейінді аудандық орталық ауруханасы» МКК-да  
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы  
заңнама талаптарын сақтау туралы»  
Х А Т Т А М А С Ы № 1

Сарыағаш қ.

17.02.2026 ж.

**Жиналыс төрағасы:** Б.Сланов – кәсіпорынның басшысы  
**Хатшы:** Ж.Алманова - кәсіпорынның мамандар бөлімінің басшысы.

**Қатысқан қызметкерлер саны: 58 адам**

**Күн тәртібінде:**

ШЖҚ «Сарыағаш көпбейінді аудандық орталық ауруханасы» МКК-ны қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын түсінуін арттыру және жеке жауапкершілікті күшейту.

**Төрағалық етуші Б.Сланов:** Құрметті әріптестер, барлығымызға белгілі елімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізіліп келеді.

Бүгінгі таңда, елімізде заңнамалық актілермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптері айқындалып, осы санаттағы құқық бұзушылықтардың түрлері, сондай-ақ міндеттемелік шарттары белгіленіп, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тартуға бағытталған жұмыстар ұдайы жүргізіліп келеді.

Сондықтан, мекемемізде сыбайлас жемқорлыққа жол бермей, онымен жаппай күресуіміз әрбіріміздің міндетіміз және азаматтық парызымыз, сонда ғана халық сеніміне ие болып, мемлекетіміздің болашағы жарқын болады деп айта келе, күн тәртібіндегі тақырып бойынша ақпараттық түсіндірме беру үшін комплаенс-қызметкері К.Палмановқа сөз берді.

Кәсіпорын комплаенс-қызметкері К.Палманов:

Құрметті әріптестер!

Бүгінгі оқу сабағымыздың тақырыбы – медициналық ұйымдағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері және әр қызметкердің жеке жауапкершілігі.

Медицина саласы – халықпен тікелей жұмыс істейтін, бюджет қаражаты игерілетін, мемлекеттік сатып алулар жүргізілетін ерекше сала. Сондықтан бұл салада ашықтық, әділдік және заңдылық қағидаттары қатаң сақталуы тиіс.

Сыбайлас жемқорлық – лауазымдық өкілеттіктерді жеке пайда табу мақсатында пайдалану.

Медициналық ұйымдарда бұл келесі жағдайларда көрінуі мүмкін:

- госпитализация үшін ақша алу;
- операцияны жеделдету үшін сыйақы алу;
- белгілі бір жеткізушіні қолдау;
- туыстарды конкурстық жұмысқа қабылдау;
- дәрілік заттарды заңсыз есептен шығару.

Сыбайлас жемқорлық – қоғам дамуына елеулі қауіп өндіретін құбылыс. Қазақстан Республикасында оған қарсы кешенді шаралар қабылданған. Арнайы заңдар, алдын алу тетіктері және құқықтық жауапкершілік шаралары белгіленген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес ең ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстарына мыналар жатады:

361-бап. Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану – 2000 АЕК-ке дейін айыппұл немесе 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

366-бап. Пара алу – пара сомасының 50–80 еселенген мөлшерінде айыппұл немесе 5–15 жылға дейін бас бостандығынан айыру, мүлкін тәркілеу және мемлекеттік қызметте белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыру.

367-бап. Пара беру – пара сомасының 20–60 еселенген мөлшерінде айыппұл немесе 3–15 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

368-бап. Парақорлыққа делдал болу – пара сомасының 10–30 еселенген мөлшерінде айыппұл немесе 3–6 жылға дейін бас бостандығынан айыру.

369-бап. Қызметтік жалғандық – 2000 АЕК-ке дейін айыппұл немесе 2 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Жазаса мұлкін тәркілеу және мемлекеттік қызметте өмір бойы қызмет атқаруға тыйым салу көзделген.

1-мысал:

Облыстық аурухананың бөлім меңгерушісі пациенттен операция кезегін жеделдету үшін ақша алғаны үшін кінәлі деп танылды. Сот оны 8 жылға бас бостандығынан айырып, мүлкін тәркіледі. Сонымен қатар мемлекеттік қызметте жұмыс істеу құқығынан өмір бойы айырылды.

2-мысал:

Медициналық ұйымның бас есепшісі жалған актілер арқылы бюджет қаражатын иемденген. Сот шешімімен 7 жылға сотталып, келтірілген шығын толық өндірілді.

3-мысал:

Мемлекеттік сатып алу комиссиясының мүшесі белгілі бір жеткізушіні заңсыз қолдағаны үшін жауапқа тартылды. Сот 5 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындады.

Мүдделер қақтығысы – қызметтік шешімге жеке мүдденің әсер ету ықтималдығы.

Мысалы:

- жеткізуші компанияда туысының жұмыс істеуі;
- конкурсқа қатысушы ұйыммен жеке байланыс;
- жеке бизнес пен қызметтік міндеттердің қиылысуы.

Мұндай жағдайда қызметкер басшылықты жазбаша түрде хабардар етуі тиіс.

Әр қызметкер келесі қағидаларды сақтауы тиіс:

1. Заңсыз сыйақы алмау.
2. Барлық шешімдерді құжатпен негіздеу.
3. Қызметтік ақпаратты жеке мақсатта пайдаланбау.
4. Күмәнді жағдайлар туралы дереу хабарлау.
5. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету.

Сыбайлас жемқорлық – тек құқық бұзушылық емес, ол ұйым беделіне, азаматтардың сеніміне нұқсан келтіреді.

Сыбайлас жемқорлық – ғасыр дерті. Онымен күрес: тыңғылықты, жүйелі, пәрменді болуы керек. Елдегі заңдардың бәрі жемқорлыққа қарсы үндейді. Жемқорлықтың жазасы ауыр. Бұл мәселедегі мемлекет ұстанымы айқын. Дамыған, өркениетке ұмтылған мемлекетте Жемқорлыққа орын жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мына ұстанымдардан тұрады:

1. заңдылық;
2. адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы;
3. жариялылық пен ашықтық;
4. мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы;
5. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
6. сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын қолдану;
7. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу;
8. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпас қағидаттары жүзеге асады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру, жас ұрпақты жемқорлыққа, сыбайластыққа төзбеуге: тәрбиелеу аға буынның, бүкіл қазақстандықтардың парызы. Ақпараттық сала өкілдері үнемі жемқорлыққа қарсы жасалып жатқан іс-шараларды, заңды, құқықтық сауатты, паракорлыққа төзбеу жолдарын насихаттауы тиіс.

Жемқорлықпен жұмыла күрескенде ғана азаматтық қоғам, әділетті, гүлденген қоғам орнайды. Қызмет барысында мұндай әрекетке барған кез келген лауазымды тұлға әшкереленуі, қоғам алдында ашық аталуы тиіс.

Кез келген азамат өзіне осындай принциптер алдында жүктеме алуы қажет. Бір мүдде тұрғысында бір кісідей жұмылып, күресе алғанда ғана жемқорлыққа тосқауыл қойылады, тұсау салынады.

Әрбір қызметкер өзінің әрекеті үшін жеке жауап беретінін түсінуі қажет.

Заңды сақтау – кәсіби абырой мен жеке қауіпсіздіктің кепілі.

### шешім

Мекеме қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын қатаң сақтасын.

Барлық құрылымдық бөлімшелерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілсін.

Мүдделер қақтығысының алдын алу шаралары күшейтілсін.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығы мен заңдылығы қамтамасыз етілсін.

Комплаенс-қызметкерге сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін мониторингтеу және есеп беру міндеттелсін.

Жиналыс төрағасы:

Б.Сланов

Хатшы:

Ж. Алманова

